



2020 жылғы 12 мамырдағы жағдай бойынша

Гессен Әлеуметтік қорғаныс және интеграция министрлігінің коронавирус туралы ақпараты

Төменде коронавирус туралы қосымша өзекті ақпарат беретін мәліметтер, сондай-ақ дерекнамаға сілтемелер келтіріледі.

2019 жылдың соңында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына (ДДҰ) Ухань қ. (Қытай) белгісіз этиологиялы өкпе аурулары жиілеп кеткендігі туралы хабарланды. Бірнеше күннен кейін аурудың себебі жаңа вирустан болғандығы мәлімденді. Вирусқа SARS-CoV-2 атауы берілді. Вирус тудырған ауру COVID-19 деп аталды, қазіргі кезде ол бүкіл әлемге таралуда.

Бұдан әрі құжатта келесі ақпаратты табуға болады:

1. Коронавирус туралы жалпы ақпарат
2. Аурудың алдын алу үшін мен не істей аламын? Ауру белгілері пайда болған кездегі менің әрекеттерім?
3. Гессенде маскалық режим туралы ақпарат
4. Гессенде әлеуметтік ара қашықтықты сақтау туралы ақпарат
5. Гессенге қайтып оралушыларға және алғаш рет кірушілерге арналған ақпарат
6. Гессенде шіркеу қызметі және жерлеу рәсімдері туралы ақпарат
7. Гессенде босандыруға қатысу және қайтыс болатын жақындарын алып жүру туралы ақпарат
8. Гессенде мектепке дейінгі мекемелердегі кезекшілік топтар туралы ақпарат



1. Жалпы ақпарат

Қазіргі жағдай қандай?

Роберт КохИнституты(РКИ) Германияда жаңа вирусқа байланысты халықтың денсаулығына төнетін қауіп деңгейін бағалап отырады. РКИқауіптің ағымдағы бағалауын өз сайтында жариялайды:https://www.rki.de/DE/Content/InfAZ/N/Neuartiges_Coronavirus/Risikobewertung.html?jsessionid=9766CE9E961256ECB36D5D17A325E8F4.internet062

Гессен Федералдық жер үкіметі көрсетілген федералдық жер аумағы үшін мынадай қаулы қабылдады: Коронавирустың таралуын баяулату және оның халыққа төндіретін қауіпін азайту мақсатында, тек әлеуметтік өмірде ғана емес, жеке өмірде де жеке байланыстарды барынша азайту керек. Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген құжаттың маскалық режим және әлеуметтік ара қашықтықты сақтау туралы тарауларында табуға болады.

Гессендекоронавирус туралы қосымша ақпаратты қайдан алуға болады?

Өзекті ақпаратты Гессен Әлеуметтік қорғаныс және интеграция министрлігінің веб-сайтында мына сілтеме бойынша табуға болады: www.hessenlink.de/2019ncov.

Әлеуметтік қорғаныс және интеграция министрлігімен ГессенҮкіметі азаматтарға арналған тегін жедел желілер құрды.

Жедел желі: 0800 555 4 666

Жұмыс режимі: күнделікті 8.00-ден 20.00-ге дейін.

Сұрақтар туындаған жағдайда, азаматтар жергілікті денсаулық сақтау бөліміне де хабарласа алады. Байланыс деректерін мына мекенжайдан табуға болады: <https://tools.rki.de/PLZTool/>.

2. Аурудың алдын алу үшін мен не істей аламын?

Азаматтарға қорғаныс шаралары ретінде (соның ішінде тұмауға да қарсы) төмендегідей гигиена ережелерін орындауға кеңес беріледі:

- Қолды жиі әрі мұқият жуу (соның ішінде балалар мен жасөспірімдер);
- Тек бір рет пайдаланылатын қағаз майлыққа немесе шынтаққа жөтелу және түшкіру (соның ішінде балалар мен жасөспірімдер);
- Мұрынға арналған бір рет пайдаланылатын қағаз орамалдарды қолдану және оларды бір мәрте пайдаланғаннан кейін қоқыс шелегіне тастау;
- Қол алыспау, құшақтаспау, сүйіспеу;
- Мұрынды, ауызды және көзді қолмен ұстамау (әсіресе көп адамның қолы тиетін автобустардағы тұтқалар мен есік тұтқаларын ұстағаннан кейін, сондай-ақ адамдармен үй жағдайында жанасудан да сақтану);
- Смартфон, телефон, планшет және т.б. заттарды тұрақты сүртіп тұру/зарарсыздандыру;
- Әрқашан жеке стақандар мен жеке асханалық құралдарды пайдалану;
- Көп адам жиналатын жерге бармау.

Ауру белгілері пайда болған кездегі менің әрекеттерім?

Егер сізде жөтел, қызу немесе тыныс алудың қиындауы сияқты аурудың белгілері пайда болса, сіздің әрекеттеріңіз төмендегідей болуы керек:

- **116-117 нөміріне хабарласыңыз** (жедел медициналық көмек телефонының нөмірі)
- жергілікті денсаулық сақтау бөліміне телефон арқылы хабарласыңыз
- өзіңіздің отбасылық дәрігеріңізге телефон арқылы хабарласыңыз

Медициналық қызметкерлер хабарласқан тұлғадан оның жаңа коронавирусты жұқтыру мүмкіндігін анықтайды, және осындай күдік болған жағдайда, одан әрі диагностикалау және емдеу шараларын белгілейді.

Бұл туралы көбірек ақпаратты, соның ішінде басқа тілде де мына сілтеме бойынша табуға болады: <https://www.bundesgesundheitsministerium.de/coronavirus.html>

Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде жалған ақпарат өте көп таралуда. Ақпаратты іздеу үшін, ең алдымен, жоғарыда келтірілген дереккөздерді пайдалануыңызды өтінеміз.



3. Гессенде маскалық режим туралы ақпарат

2020 жылғы 27 сәуірден бастап Гессендегі азаматтарға мұрын мен ауызға арналған қорғаныс құралдарын кию бұйырылды.

Мұрын мен ауызға арналған қорғаныс құралдарын қай жерде кию керек?

- қоғамдық көлікте (автобуста, пойызда, таксиде, кемеде және ұшақта);
- **дүкен, банк және пошта бөлімшелеріндегі** және т.б. көпшілік қолды жерлерде;
- демалыс күнгі **базарларда**;
- аурухана және жеке медициналық кабинеттер сияқты барлық **медициналық мекемелерде**;
- жабық **сауда орталықтарында және сауда көшелерінде** (сауда көшелері – бұл клиенттерге қызмет көрсететін сауда объектілері орналасқан тұрақты немесе уақытша төбемен жабылған аймақ);
- **ойын залдары мен казинода**;
- **мұражайлар мен қамалдардың және мемориалдардың** жабық жайларында, сондай-ақ **хайуанаттар бағы мен аң көрмелерінде**;
- дененің тікелей жанасуымен байланысты **қызмет көрсетілген және қабылданған** кезде (шаштараз, педикюр, тату салондары және т.б.);
- мұрын мен ауызға арналған қорғаныс құралдарын кию талабы қызметтік міндеттерін орындаған кезде **асүй қызметкерлері мен қызмет көрсететін персоналға** да қойылады.

Мұрын мен ауызға арналған қорғаныс құралдары деген не?

Мұрын мен ауызға арналған қорғаныс құралдары таңбаламасына немесе сертификатталған қорғаныс санатына тәуелсіз, өз табиғатына сай, жөтелген, түшкірген немесе сөйлескен кезде бөлінетін заттардың таралуын азайта алатын мұрын мен ауызға арналған кез келген қорғанысты білдіреді. Қолдан істелген күнделікті маскаларға қосымша мойынорағыштарды немесе орамалдарды пайдалануға болады.

Кәсіби медициналық маскаларды медициналық қызметкерлерге қалдырған жөн.

Әлеуметтік ара қашықтықты сақтау әлі де өте маңызды.

Күнделікті маска тағу байланыстарды шектеу және ара қашықтықты сақтау талаптарын жоймайды.

Ерекшеліктер

Мұрын мен ауызға арналған қорғаныс құралдарын кию міндеті 6 жасқа дейінгі балаларға және өзінің денсаулығына немесе мүгедектігіне байланысты аталған қорғаныс құралдарын кие алмайтын адамдарға таралмайды.

Айыппұл



Масканы киюден бас тарту әкімшілік құқықбұзушылық болып табылады: егер азаматтар құқық қорғау органдары өкілдерінің нұсқауынан кейін маска кимесе және киюден бас тартса, онда талапты екінші қайтара бұзған кезде, оларға 50 еуро көлемінде айыппұл салынуы мүмкін.

4. Әлеуметтік ара қашықтықты сақтау туралы ақпарат

Қоғамдық орындарда болуға рұқсат етіледі:

- ортақ үйде тұрмайтын бір адаммен;
- ортақ үйде тұратын туыстарымен;
- ортақ үйде тұратын туыстарымен және тағы бір үйдің адамдарымен.

Басқа адамдармен кездескен кезде, олардан кем дегенде 1,5 метр ара қашықтықты сақтау керек. Ара қашықтықты сақтау туралы талапты орындау мүмкін болмайтын көпшілік іс-шаралары, мысалы, сауық кештері, кәуәп пісіру немесе сейіл құру шаралары оған қатысатын адамдардың санына қарамастан тыйым салынған.

Бұл тұстағы ерекшеліктер:

- қоғамдық көлікпен жүру;
- кәмелетке толмаған балаларды немесе қамқорлыққа мұқтаж адамдарды алып жүру және оларға қарау;
- емтихан тапсыру, атап айтқанда мемлекеттік және кәсіби;
- қан донорлығы;
- іскерлік, кәсіби, қызметтік немесе медициналық себептермен бірге жұмыс істеуі тиіс адамдардың бірге болуы;
- мәжілістер және сот тыңдаулары;
- биліктен рұқсат болған жағдайда– жерлеу рәсімдерін өткізу.

5. Гессенге қайтып оралушыларға және алғаш рет кірушілерге арналған ақпарат

Мәселен, демалыстан оралған кезде қандай нәрселерге көңіл бөлуіңіз керек?

Азаматтардың ел аумағына сырттан кіруі салдарынан жаңа жұқтыру көздерінің таралуына жол бермеу үшін 2020 жылғы 10 сәуірден бастап сырттан кірушілерге 14 күн бойы үйде оқшаулану міндеті қарастырылды. Бұл жарлық сонымен қатар Гессенге шетелден келген азаматтарды олардың өз тұрғылықты жерлерінде бекітілген медициналық мекемеге дереу хабарласып, өздерінің келгені туралы хабарлауға міндеттейді. Роберт Кох Институты белгілеген критерийлерге сәйкес, COVID-19 ауруының симптомдары пайда болған жағдайда, азаматтар денсаулық сақтау саласындағы құзыретті органға дереу хабарласуға міндетті.

Адамдардың белгілі топтары мен кейбір мамандықтар үшін ерекшеліктер қарастырылған. Әсіресе халыққа тауар жеткізу, адамдарды тасымалдау, денсаулық сақтау жүйесі, сондай-ақ полиция қызметкерлері сияқты жедел әрекет ету қызметтері үшін маңызы зор адамдар үшін. Бұл

10беттің5-беті



талаптар Гессенде немесе шетелде транзиттік аялдау немесе аз уақытқа кідіру жағдайларына таралмайды. Маусымдық қызметкерлер белгілі жағдайларда карантиндік талаптардан босатылады.

6. Гессенде шіркеу қызметі және жерлеу рәсімдері туралы ақпарат

Ара қашықтықты сақтау және гигиена туралы талаптарды орындау құлшылық ету рәсімдері мен діни жиналыстарды өткізуді жалғастыруға мүмкіндік береді. Олардәл бұрынғыдай үйреншікті тәртіпте өтпесе де, адамдар өз діндерін ұстанып, Қасиетті рухтың құпиясын ұғыну үшін бірге жинала алатын болады. 4 мамырдан бастап құлшылық ету рәсімдері мен діни жиналыстар төмендегі жағдайларда мүмкін болады:

- адамдардың өзара қашықтығы кем дегенде 1,5 метр құраса (тек бір үйде тұратын адамдар ғана бір-бірімен тікелей жақындықта орналаса алады).
- Адамнан адамға табысталатын заттар, мәселен, садақа жинауға арналған себеттер пайдаланылмаса.
- Дезинфекциялық диспенсерлердің қондырғылары сияқты тиісті гигиена шаралары қамтамасыз етілсе.
- Сонымен қатар діни қауымдар адамдар жиналатын жерде көзге көрінетін орындарда ара қашықтық пен гигиенаны сақтау туралы ақпараттық материалдардың болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Адамдардың қазалы жиындарға және жерлеу рәсімдеріне жиналуы да жоғарыда көрсетілген ережелердің тармақтары орындалған жағдайда мүмкін болады.

7. Гессенде босандыруға қатысу және қайтыс болатын жақындарын алып жүру туралы ақпарат

2020 жылғы 28 мамыр сенбі күнінен бастап жекелеген жағдайларда отбасының ең жақын мүшелері үшін бұрын қолданған қатысу ережелерінен ерекшеліктер рұқсат етілуі мүмкін. Емдеуші қызметкерлер этикалық және әлеуметтік себептермен қажет деп таныған жағдайларда, мекеменің, мысалы, аурухананың басшылығы отбасының жақын мүшелеріне әсіресе өлім немесе туу жағдайында емделушілердің жанында болуға немесе оларды алып жүруге рұқсат ете алады.

Респираторлық инфекциялары бар адамдар алып жүруге қатыстырылмайды.

Бұл «Коронавируспен күрес туралы екінші қаулыдан» шегініс.



8. Гессенде мектепке дейінгі мекемелердегі кезекшілік топтар туралы ақпарат

Қазіргі сәтте Гессенде вирустың таралуын баяулату мүмкін болды. Мақсат бұрынғыдай халықты, әсіресе егде жастағы адамдар мен денсаулығы әлсіреген адамдарды қорғаныспен барынша жақсырақ қамтамасыз ету болып табылады. Демек, инфекцияны жұқтырудың жаңа тізбектерінің пайда болуының алдын алу үшін барынша күш салу керек. Қазіргі кезеңде бұл мақсатқа жетудің неғұрлым тиімді шарасы – жеке қатынастарды қысқарту. Төменде келтірілген барлық шектеулер осы мақсатқа арналған. Мектепке дейінгі мекемелер 2 маусымнан бастап бірқатар шектеулермен жұмысын қайта бастайды. Балаларға қарайтын кезекші топтар өз жұмысын жалғастыра береді, және мұқтаж адамдардың кең аясы олардың қызметін қолдана алады. Жұқпадан қорғау мақсатында кезекші топтарда балалардың саны барынша аз болуы тиіс, әйтпесе шара өз мәнінен айрылады.

Отбасыларға бір-бірінің балаларын қарауға рұқсат етіле ме?

Иә, балаларды қарау үшін ең көбі үш отбасыға дейін бірігуге рұқсат етіледі (отбасылық күтім бойынша қоғамдастық). Қалған әлеуметтік байланыстар мүмкіндігінше қысқартылуы керек.

Балам балабақшаға қай уақыттан бастап бара алады?

Мектепке дейінгі мекемелер 2 маусымнан бастап бірқатар шектеулермен жұмысын қайта бастайды.

Балам бөбекханаға қай уақыттан бастап бара алады?

2 маусымнан бастап.

Ерекшеліктер бар ма?

Иә, белгілі мамандықтардың өкілдері үшін балаларды қарайтын кезекші топтар қарастырылған. Баланы кезекші топқа қатыстырудың міндетті шарты оның ата-анасының/қамқоршысының келесі салаларда кәсіби қызмет атқаруы болып табылады:

1. Полиция қызметкерлері, құқық қорғау міндетін атқаратын полицияштаб-пәтерінетіркелген үкімет қызметкерлері;
2. Өрт бөлімшелерінің қызметкерлері (штаттағыларжәнееріктілер), кәсіпорындардағы өртдружиналары;
3. Денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері;
4. Сот, прокурорлар, адвокаттар;
5. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
6. Құтқару қызметінің қызметкерлері;
7. Техникалық көмек көрсету қызметінің көмекшілері;
8. Төтенше жағдаймен күрес бойынша бөлімшелердің қызметкерлері;



9. Медициналық мекемелердің: емханалардың, ауруханалардың және қарттарды күту мекемелерінің, сондай-ақ амбулаторлық-емханалық және мейірбикелік қызметтердің қызметкерлері;

10. Медициналық және мейірбикелік мамандықтар бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер, әсіресе

- Қарттарға күтім жасайтын медициналық қызметкерлер

- Қарттар үйіндегі еріктілер

- Анестезиологтардың көмекшілері

- Дәрігерлер

- Фармацевттер

- Дезинфекторлар

- Күтушілер, соның ішінде балаларды күтушілер

- Акушерлер

- Күту бойынша көмекшілер

- Медициналық мамандар

- Медициналық-техникалықзертханашылар

- Медициналық-техникалықрадиологтар

- Функционалдық диагностикадағы медициналық-техникалық ассистенттер

- Парамедиктер

- Хирургтің көмекшілері

- Мейірбике мамандықтарының қызметкерлері

- Техник-фармацевттер

- § 1 Фельдшерлік туралы заңға сәйкес фельдшерлер

- Стоматологтар

- Стоматологтың көмекшілері

- Психотерапевттер, соның ішінде бала және жасөспірім психотерапевттері.

11. § 25 Гессен балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсету туралы кодексіне сәйкес мектепке дейінгі білім беру саласының мамандары;

11а. § 45 Әлеуметтік қамтамасыз ету кодексініңVIII бөліміне сәйкес балабақша болып табылмайтын стационарлық мекемелердегі қызметкерлер (ішінара);



11b. Жедел психологиялық-әлеуметтік көмек көрсетуге арналған тұрақты консультациялық қызметтерді кәсіби деңгейде көрсететін, әсіресе жедел психологиялық көмек немесе дағдарыстық жедел желі саласындағы қызметкерлер, сондай-ақ зорлықтан, соның ішінде гендерлік зорлықтан зардап шеккен тұлғаларды қорғау мекемелерінің қызметкерлері, әсіресе әйелдерге арналған баспана қызметкерлері;

11c. Жүктілікті үзу барысында міндетті кеңес беру туралы заңға сәйкес қаламаған жүктілікті үзу мәселелері бойынша сертификатталған орталықтарда консультация жүргізетін тұлғалар;

11d. Балалар мен жасөспірімдерді қорғау бойынша мемлекеттік органдардағы әлеуметтік қызметтердің қызметкерлері;

12. II Әлеуметтік қамтамасыз ету кодексіне, III Әлеуметтік қамтамасыз ету кодексіне, XII Әлеуметтік қамтамасыз ету кодексіне, Босқындарға арналған жәрдемақы туралы заңға сәйкес ақшалай жәрдемақы төлеуге тікелей қатысатын тұлғалар;

13. Инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін анықтау туралы қаулыда белгіленген салаларда қызмет ететін, көрсетілген тұлғалардың қызметі тіршілікті қамтамасыз ететіндер қатарына жататынын растайтын арнайы рұқсаттары бар тұлғалар, мысалы, азық-түлік өнімдерінің бөлшек саудасы, ауылшаруашылық өндірісі, сондай-ақ тағамдық өнімдерді өңдеу, тасымалдау және дистрибуциялау саласындағы қызметкерлер;

14. Қалдықтарды басқару саласында жұмыс істейтін, баланың ата-анасы немесе заңды қамқоршысы инфрақұрылымды қолдау үшін жұмыс орнында болуы керек екендігін растайтын жеке рұқсаты бар қызметкерлер;

15. Баспасөз, радио, теледидар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының штаттағы қызметкерлері (қызметкердің жұмыс орнында тікелей болуы кәсіпорынның қызметін қолдау үшін зор маңызы бар екенін растайтын жұмыс берушінің құжатымен);

16. Қарулы күштердің жедел дайындылығын және ағымдағы міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті сарбаздар және қарулы күштердің қызметкерлері;

17. Гессенде білім беру туралы №1 Заңның 156-бөліміне сәйкес, сыныпта сабақ және басқа да мектеп іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге тікелей қатысатын мектеп директорлары, мектеп әкімшілігінің қызметкерлері, сондай-ақ мұғалімдер мен басшылар (Коронавируспен күрес туралы 2-жарлықтың 3 (1) 3–5 және 3-бөлімдеріндегі ұсыныстарға сәйкес);

17a. Коронавируспен күрес туралы 2-жарлықтың 3-бөлімінің 3 (1) тармағына сәйкес оқитын оқушылар (техникумдарда);

18. SARS-CoV-2 вирусына байланысты медициналық және фармацевтикалық зерттеулер саласында жұмыс істейтін мамандар;

19. Басшылық мақұлдаған жағдайда, зерттеулер мен ғылымды мемлекеттік басқарудың негізгі салаларында және мәдени құндылықтарды қорғау салаларында жұмыс істеуі керек қызметкерлер;

20. Адвокаттар мен нотариустар;



21. Конституциялық органдардың мүшелері;

22. Пасторлар, священниктер;

23. Жерлеу бюросының иелері мен қызметкерлері;

24. Жұмыс істейтін және оқитын жалғыз басты ата-аналар (бір немесе бірнеше кәмелетке толмаған баласымен бірге тұратын және олардың күтімі мен тәрбиесіне толық жеке жауапкершілік атқаратын адамдар).

Жұқпадан қорғау мақсатында белгіленген талаптар орындалған жағдайда, балабақша қызметкерлеріне өздері жұмыс істейтін балабақшаларда өз балаларына қарауға рұқсат етіледі. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде болуға қатысты тыйым мектепке дейінгі балалар мекемесіне баланың аман-саулығын қамтамасыз ету үшін Балаларды қорғау бойынша әлеуметтік қызметтің шешімімен жолданған балаларға таралмайды. Бұндай балаларға балабақшада немесе бөбекханада қарауға рұқсат етіледі.

Балалар мекемесі адамдардан олардың жоғарыда аталған топтарға қатыстылығын растайтын құжаттарды сұратуы мүмкін. Күмән туындаған жағдайда жауапты реттеуші орган шешім қабылдайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Бұл ерекшелік қолданылмайды, егер сіздің балаңыз немесе отбасыңыздың мүшесі:

- ауру симптомдарына ие болса;
- ауруды жұқтырған адамдармен байланыста болса, немесе ауруды жұқтырған адамдармен байланыстан кейін әлі 14 күн өтпесе;
- (бұл ата-аналары өздерінің кәсіби медициналық қызметі шеңберінде ауруды жұқтырған адамдармен байланыста болатын балаларға таралмайды);
- 2020 жылғы 10 сәуірден кейін Германия Федеративті Республикасының аумағынан тыс елдерден құрлық, теңіз немесе әуе арқылы келген болса;
- бұрын 2020 жылғы 10 сәуірге дейін Роберт Кох Институты SARS-CoV-2 вирусын жұқтырудың қауіпті аймағы ретінде белгілеген өңірде болып, ГФР аумағына бұл өңір қауіпті аймақ ретінде белгіленген күннен кейін кірген болса немесе
- ГФР аумағына қауіпті аймақтан оның осындай деп танылған күнге дейінгі 14 күн ішінде кірген болса.

Бұл шектеулер ел аумағына кіргеннен кейін 14 күн бойы қолданылады. Ерекшеліктің өздеріне таралмайтындығына және мектепке дейінгі мекемелерде инфекциядан қорғаныс критерийлері сақталмайтындығына қарамастан өз балаларын балабақшаларға немесе бөбекханаларға қалдыратын ата-аналар белгіленген тәртіпті бұза отырып әрекеттеді.